

**«ПОҚ-тың жоғарғы оқу орнына қанағаттануы» социологиялық зерттеу
нәтижелері бойынша сараптамалық есеп**

«Сырдария» университетінде мониторинг жүргізу бойынша ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес 16-22 қараша күндері университеттің оқытушыларының арасында социологиялық сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 150 респондент қатысты.

Зерттеу мақсаты университет профессорлық-оқытушылық құрамының оқу орнындағы жұмысына қанағаттану деңгейін анықтау болып табылады. Сондай-ақ, зерттеу барысында олардың материалды және әлеуметтік-психологиялық жағдайларын талданып, кафедралар мен факультеттердің моральді-психологиялық климаты суреттеледі.

Сауалнама сұрақтарын сараптауға көшетін болсақ, сауалнамаға қатысқан респонденттердің осы оқу орнындағы жұмыс жасау тәжірибесі төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте 1.

Осы ЖОО-дағы Сіздің жұмыс тәжірибеңіз?

Жауаптар	Респонденттер саны	%
1) 10 жылдан көп.	59	39
2) 4-10 жыл.	44	29,3
3) 1-3жыл.	33	22
4) 1 жылдан аз.	14	9,3

«ЖОО мен оқытушылардың студенттермен жұмыс жасау барысында, Сіздің пікіріңізше, негізгі міндеттер болып табылатындар?» - деген сұраққа респонденттер келесі пікірлерді маңызды деп атап өтті (**Кесте 2**).

Кесте 2.

ЖОО мен оқытушылардың студенттермен жұмыс жасау барысындағы негізгі міндеттері


Жауаптар	Респонденттер саны	%
1) Оқу пәні бойынша студенттерге білім беру.	28	18,6
2) Жоғары білікті маман дайындау.	27	18
3) Студенттердің таным қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту.	25	16,6
4) Өз бетінше жетілуге және білім алуға ұмтылысын қалыптастыру.	18	12
5) Ғылым негіздерін беру	12	8
6) Студенттердің базалық біліктілігін қалыптастыру.	9	6
7) Олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту	9	6
8) Студенттердің мәдени деңгейін арттыру.	9	6
9) Оларды қоғам мен мамандығында жетістікке жететін бейімділікке дайындау	6	4
10) Студенттердің белсенді азаматтық ұстанымдарын тәрбиелеу.	4	2,6
11) Студенттерді қоршаған шындықты саналы және сыни тұрғыдан қабылдауға үйрету.	3	2

Респонденттер атап көрсеткендей, «ЖОО мен оқытушылардың студенттермен жұмыс жасау барысындағы ең негізгі міндеттерінің қатарына оқу пәні бойынша студенттерге білім беру-68%, жоғары білікті маман дайындау - 65%, студенттердің таным қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту- 54% құрады.

Сауалнаманың «Сіздің ЖОО-да мадақтау процесі қалай іске асырылады, оның ашықтығы мен әділдігі қандай?» - деген сұрағына респонденттердің 55,5%-ы «кафедрада шешім қабылданады және талқыланады» -деп жауап берсе, бұл мәселені «кафедра меңгерушісінің өзі шешеді» деп 29%-ы деп атап өтті, ал 15,5%-ы бұл мәселені «ЖОО әкімшілігі шешеді»-деп көрсетті (**Диаграмма 2**).

Диаграмма 2.


ЖОО-да мадақтау процесі қалай іске асырылады, оның ашықтығы мен әділдігі



«Сіз ЖОО-да оқытушыларды моральді түрде (түрлі алғысхаттар, мерейтоймен құттықтау, т.б.) мадақтау процесіне қаншалықты қанағаттанасыз?» - деген сұраққа респонденттердің 56%-ы «толық қанағаттанамын», 44%-ы «орта деңгейде қанағаттанамын» - деп жауап берді. (**Диаграмма 3**).

Диаграмма 3.


Сіз ЖОО-да оқытушыларды моральді түрде (түрлі алғысхаттар, мерейтоймен құттықтау, т.б.) мадақтау процесіне қаншалықты қанағаттанасыз?



«Сіз ЖОО-да оқытушыларды материалды түрде (сыйақы, үстемақы, т.б.) мадақтау процесіне қаншалықты қанағаттанасыз?» - деген сұраққа респонденттердің 54%-ы «орта деңгейде қанағаттанамын», 35%-ы «толық қанағаттанамын», 11%-ы «мүлдем қанағаттанбаймын» - деп жауап берді. (**Диаграмма 4**).

Диаграмма 4.

Сіз ЖОО-да оқытушыларды материалды түрде (сыйақы, үстемақы, т.б.) мадақтау процесіне қаншалықты қанағаттанасыз?



«Сіз ЖОО-да оқытушыларды әлеуметтік қолдау шараларына (түрлі өмірлік: психологиялық, отбасылық, денсаулық жағдайларында қолдау, т.б.) қаншалықты қанағаттанасыз?» - деген сұраққа респонденттердің 55,1%-ы «орта деңгейде қанағаттанамын», 26%-ы «толық қанағаттанамын», 18,9%-ы «мүлдем қанағаттанбаймын»-деп жауап берді. (Диаграмма 5).

Диаграмма 5.

Сіз ЖОО-да оқытушыларды әлеуметтік қолдау шараларына (түрлі өмірлік: психологиялық, отбасылық, денсаулық жағдайларында қолдау, т.б.) қаншалықты қанағаттанасыз?



Зерттеудің «Сабақтардың түрлеріне қарай кафедрадағы педагогикалық жүктемені бөлу Сізді қанағаттандырады ма?» - деген сұрағына сұралғандардың басым бөлігі, яғни 62%-ы «иә» деп жауап берсе, 32,5%-ы «барлық уақытта емес», ал «5,5%-ы «жоқ, оқытушымен келіссе екен» деп жауап берді (Диаграмма 6).

Диаграмма 6.

«Сабақтардың түрлеріне қарай кафедрадағы педагогикалық жүктемені бөлу Сізді қанағаттандырады ма?»



«Мамандық бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын жасауға Сізді қатыстырады ма? Бұл қажет деп есептейсіз бе?» - деген сұраққа оқытушылардың 93,7%-ы «Иә, білім процесінің сапасын арттыру үшін бұл өте қажет» деп жауап берді, ал 6,3%-ы «барлығының бірдей қатысқаны дұрыс» деп жауап берді.

Ал ЖОО қатысуымен Өз біліктілігіңізді арттырудың жиілігі қандай?- деген сұраққа респонденттердің жауаптары төмендегі кестеде көрсетілген (**Кесте 3**). Көрсетілген кестеден байқағанымыздай, университеттегі оқытушылардың біліктіліктерін арттыру ісі жолға қойылған. Оған ЖОО оқытушыларының соңғы 5 жылдағы алыс және жақын шет елдер мен Қазақстанның беделді оқу орындарына барып, өз біліктіліктерін жетілдіріп келгендері дәлел.

Кесте 3.


ЖОО қатысуымен Өз біліктілігіңізді арттырудың жиілігі қандай?

Жауаптар	Респонденттер саны	%
1) 5 жылда 1 рет.	117	78
2) 3 жылда 1 рет.	14	9
3) Бекітілген кесте бойынша.	9	6
4) Өзімнің қалауым бойынша.	7	5
5) ЖОО әкімшілігінің қалауы бойынша.	3	2

Сауалнаманың келесі сұрақтары оқытушы қызметінің психологиялық қырларын (талап-тілектері, қолдау табуы, құрметтелуі, т.б.) сипаттап көрсетеді. Мысалы, «ЖОО-ның беделін арттыруға қосқан үлесіңізді ЖОО дұрыс бағалайды деп ойлайсыз ба?» -деген сұраққа сұралғандардың 61,4%-ы «иә» деп жауап берсе, 5%-ы «жоқ» деп ал, 33,6%-ы «барлық уақытта емес» деп жауап берді. (**Диаграмма 7**).

Диаграмма 7.

«ЖОО-ның беделін арттыруға қосқан үлесіңізді ЖОО дұрыс бағалайды деп ойлайсыз ба?»




Ал, ЖОО-ның ұжымында «команда», «корпоративтік рух» деген ұғымдар бар ма?-деген сұраққа сұралғандардың 58,2%-ы«иә» деп, 27,8%-ы «жоқ» деп, ал 14%-ы бұл сұраққа жауап бермеген. Көріп отырғанымыздай, сұралғандардың басым бөлігі «команда», «корпоративтік рух» деген ұғымдар бар» деп жауап беріп отыр, алайда сол ұғымдардың «жоқ» екендігін сұралғандардың 41%-ы құрап отырғандығын ескермесе болмас деген пікірдеміз (**Диаграмма 8**). Осы пікірлерді көбінесе осы ЖОО-дағы жұмыс тәжірибелері он жылдан асқан оқытушылар білдіріп өткен. Осыған сәйкес, ЖОО-ның әрбір құрылымдық бөлімінде «команда», «корпоративтік рух» деген ұғымдарды бағалау,

нығайту ісі жолға қойылса. Өйткені, еңбектің өнімділігі ұжымдағы ауызбіршілікке, барлық ұжым мүшелерінің бір мақсатқа жұмылдырылуына тікелей қатысты.

Диаграмма 8.

ЖОО-ның ұжымында «команда», «корпоративтік рух» деген ұғымдар бар ма?



Сауалнаманың «ПОҚ-тың ғылыми-зерттеу жұмыстарының мәселелеріне (диссертацияларды жазу барысына, оқулықтар мен әдістемелік құралдар шығаруға) ЖОО-ның қатысуына қанағаттанасыз ба?» - деген сұрағына респонденттердің берген жауаптары төмендегіше болды (Кесте 4):

Кесте 4.

ПОҚ-тың ғылыми-зерттеу жұмыстарының мәселелеріне (диссертацияларды жазу барысына, оқулықтар мен әдістемелік құралдар шығаруға) ЖОО-ның қатысуына қанағаттану дәрежесі

Жауаптар	Респонденттер саны	%
1) Иә.		87
2) ЖОО қолдауы барлық оқытушылар үшін бірдей емес.		8
3) Жоқ.		5


Респонденттермен берілген жауаптардан байқағанымыздай, ПОҚ-тың ғылыми-зерттеу жұмыстарына ЖОО-ның қатысу дәрежесі жоғары, яғни ЖОО әкімшілігі оқулық немесе әдістемелік құралдар шығарамын деп ынталанған оқытушы немесе профессорды толығымен қолдап қуаттайды. Өйткені ғылыммен айналысатын оқытушыдан ертең университет рейтингін анықтайтын білікті шәкірт, сапалы маман дайындалып шығады. Бұл әрбір ЖОО-ның басты мүддесі екенін ескерсек онда осы істе оқытушылардың ғылыммен айналысуын әрі қарай жетілдіре түскен абзал деп ойлаймыз.

«Оқытушылардың еңбек жағдайы мен еңбек ақы мәселелері туралы шағымдарына әкімшілік қалай қарайды?» - деген сұраққа сұралғандардың 88,1%-ы «бірқалыпты, бәрін мұқият түсіндіреді» деп жауап берді, ал 6,8%-ы «немқұрайлы», ал 5,1%-ы «наразылық танытады» - деп жауап берген.

«Сіздің ЖОО ұжымының психологиялық климатын қалай бағалайсыз?» - деген сұраққа респонденттердің 76%-ы «жақсы», 24%-ы «орташа» - деп жауап берген (Диаграмма 9).

Диаграмма 9.


«Сіздің ЖОО ұжымының психологиялық климатын қалай бағалайсыз?»



Сауалнаманың соңғы «Егер жұмыс орныңызды ауыстыру мүмкіндігі туса, қайтадан осы ЖОО-ны таңдар ма едіңіз?» - деген сұрағына респонденттердің 56,4%-ы «иә», 10,4%-ы «жоқ», 33,2%-ы «білмеймін» - деп жауап берген (Диаграмма 10).

Диаграмма 10.

Егер жұмыс орныңызды ауыстыру мүмкіндігі туса, қайтадан осы ЖОО-ны таңдар ма едіңіз?



«ЖОО басшылығына айтар талап-тілегіңіз, ұсыныс, уәждемелеріңіз болса бүкпесіз білдіруіңізге болады» деген ашық сұраққа оқытушылар төмендегідей жауаптар берді:

Барлығы дұрыс, тек алға	26
Еңбекақыны барлығына бірдей етіп көтерсе	22
Студенттер мен оқытушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру іс шараларын жиі өткізу	7
Шетелге шығуға: тәжірибе алмасу, тағылымдамадан өтуге, зерттеу жұмысын жүргізуге, т.с.с. көмектесу, мүмкіндік тұғызу	6
Еңбекқор, білімді оқытушыларға қолдау көрсету (әлеуметтік)	5
Аккредитациядан мейлінше аз кемшілікпен өткен кафедраға алғыс жариялау	4
Марапатқа ұсынғанда жас оқытушыларды да елеп ескерсе, олар ынталанар еді	3
ОСӨЖ сабақтарының сағаттарын негізгі жүктемеге енгізсе	2
Екі түрлі құжаттама дк, дс дегеннен құтылсақ екен, сонда уақытымыз үнемделіп, еңбек өнімділігі артар еді!	2
Еңбекақыны көтерсе зор болушы еді бәрі үшін сол кезде білім жолын қуалауға болады. Бірақ бұл мәселе Қазақстан бойынша жүрген үлкен кінәрат мұғалімдерге қолдау көрсетпеу. Біз өзімізге үлгі ретінде Жапония елін алуға болады, ұстаздарды қалай құрметтеу керектігін көрсетеді. Мысалы бізде мұғалімдер күні бар, ал оларда жоқ. Неге дейсіз бе? Себебі олар үшін әрбір күн мереке сияқты, метрода болсын, дүкенде, автобуста болсын оларға әрдайым жеңілдіктер қарастырылған.	1

Университет басшыларының қолдау көрсетіп жатқан жұмыстарына кафедра оқытушылары атынан алғысымызды білдіреміз, келешекте университетіміз үлкен белестерден көрінуіне тілектеспіз.	1
---	---

Сауалнама нәтижесі бойынша жалпы шешімдер мен ұсыныстар:

Жалпы, жоғары оқу орнының оқу процесін ұйымдастыру мен оның түрлі ішкі мәселелерінің шешілуі бойынша жұмысы респонденттердің тарапынан оң бағаға ие болды. Респонденттердің басым көпшілігі жоғары оқу орнындағы еңбектің ұйымдастырылу шарттары мен сипатымен қанағаттанады.

Жұмыстың түрлі тұстарына қанағаттанушылық дәрежесіне қатысты сұрақтардың жауаптарын сараптай келе, университеттің ПОҚ жұмыстың мазмұны мен студенттермен өзара түсіністікке, қызмет бойынша көтерілу мүмкіндігіне, әріптестер мен әкімшілікпен қарым-қатынасқа, өз қабілеттерін жүзеге асыру мен оқу жүктемесіне, еңбек шарттары мен кәсіби оқу мүмкіндігіне толық қанағаттанады деген шешім шығаруға болады. Сұралғандардың көбісі әкімшілікпен, тікелей басшылықпен, әріптестермен қарым-қатынасқа толығымен немесе белгілі бір дәрежеде қанағаттанатындығын атап көрсетті. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, келесідей ұсыныстарды алға тартуға болады:

1. ЖОО-ның оқытушыларының ғылыммен айналысу дәрежесін ынталандыру;
2. Сұрау нәтижелері көрсеткендей, еңбек әрекетін тиімді ынталандыру мен еңбек ұйымдастырылуын жақсарту үшін, әрбір құрылымдық бөлім өз ішінде «команда», «корпоративті рух» ұғымдарын қайта бағалап нығайтса;
3. Оқытушыларға шетелге шығып тәжірибе алмасу, тағылымдамадан өтуге мүмкіндік туғызу;
4. Рейтингі жоғары кафедра, факультет оқытушыларының еңбекақысын көтеру мәселесін қарастыру;
5. Сауалнама барысында оқытушылардың білдірген талап тілектерін ескеру;
6. Оқу орнындағы психологиялық климат, оқытушылардың түрлі деңгейлердегі сенім білдірулері (кафедра меңгерушісі, факультет декандары, оқу орнының әкімшілігі) кафедралардағы моральді-психологиялық климат, ондағы ұйымдасушылық пен ауызбіршілікке аса мән берілсе.

Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімінің маманы

Азизбекова А.С.